

ЖОБА ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ

Жобаның мақсаты – Қазақстанның цифрлық білім экономикасын дамытуға және елдің халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған технологиялар трансферін жүзеге асыру үшін университеттер, мемлекет және бизнес арасындағы тиімді өзара әрекеттесу модельдерін әзірлеу және озық шетелдік тәжірибені ескере отырып бейімдеу бойынша пәнаралық (кешенді) зерттеу жүргізу.

ЖОБАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

1) Цифрлық экономикасы дамыған елдерде, мысалы, АҚШ және Еуропалық одақ елдерінде университеттер, мемлекет және бизнес арасындағы өзара іс-қимылдың табысты модельдерін зерттеу. Ғылыми әзірлемелерді тиімді коммерцияландыруға және оларды экономиканың нақты секторына трансферлеуге ықпал ететін негізгі факторларды айқындау.

2) Қазақстандағы технологиялар трансферіне кедергі келтіретін қолданыстағы тосқауылдарды, соның ішінде құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық және институционалдық аспектілерді талдау. Ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, халықаралық модельдерді бейімдеу мүмкіндіктерін бағалау және оларды енгізудің перспективалы бағыттарын айқындау.

3) Қазақстанның цифрлық экономикасына технологиялар трансферін дамытуға бағытталған университеттер, бизнес және мемлекет арасындағы өзара іс-қимылдың пилоттық модельдерін әзірлеу және сынақтан өткізу. Ынтымақтастықты ынталандыру тетіктерін және ұсынылған модельдерді ауқымдау мүмкіндіктерін анықтау.

4) Мемлекеттік органдарға, университеттерге және бизнеске арналған әдіснамалық ұсынымдар әзірлеу, оған мемлекеттік қолдау шаралары, ұйымдастырушылық және құқықтық тетіктер, сондай-ақ ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруды ынталандыру және цифрлық экономиканы дамыту құралдары енгізіледі.

5) Ұсынылған модельдердің ұзақ мерзімді әсерін бағалау мақсатында экономикалық-математикалық модельдеу жүргізу, оның ішінде инновациялық белсенділіктің өсуі, коммерцияландырылған технологиялар санының артуы, адами капиталдың дамуы және Қазақстанның халықаралық бәсекеге қабілеттілігінің күшеюі.

6) Web of Science және Scopus дерекқорларында индекстелетін рецензияланатын басылымдарда кемінде үш мақала, сондай-ақ Ғылыми және жоғары білім беру қызметін бақылау және үйлестіру комитеті ұсынған журналдарда кемінде екі мақала жариялау. Жарияланымдардың біреуі цифрлық экономика жағдайында ғылым мен бизнесті интеграциялауға практикалық тұрғыдан бағытталған пәнаралық сипатта болады.

7) Қазақстанда және шетелде университеттер, бизнес және мемлекет арасындағы өзара іс-қимылдың табысты кейстерін жинақтау және жүйелеу, инновациялық экожүйе қатысушылары арасында озық тәжірибелерді таратуға арналған мысалдар базасын қалыптастыру.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР:

- Жоба тақырыбы бойынша Science Citation Index Expanded дерекқорында индекстелетін және Web of Science базасында импакт-фактор бойынша 1 (бірінші), 2 (екінші) және/немесе 3 (үшінші) квартильге кіретін, сондай-ақ Scopus базасында CiteScore көрсеткіші бойынша кемінде 60 (алпыс) процентильге ие рецензияланатын ғылыми басылымдарда үш мақала немесе шолу жариялау. Мақалаларда зерттеудің негізгі қорытындылары, соның ішінде университеттер, мемлекет және бизнес арасындағы өзара іс-қимылдың әзірленген модельдері, сондай-ақ ұсынылған технологиялар трансфері тетіктері көрініс табады.
- Ғылыми және жоғары білім беру қызметін бақылау және үйлестіру комитеті ұсынған шетелдік немесе отандық рецензияланатын басылымдарда бес мақала немесе шолу жариялау. Мақалалардың біреуі цифрлық экономика жағдайында өзара іс-қимыл тетіктерінің практикалық пәнаралық қолданылуын қамтитын multidisciplinary санатында дайындалады.
- Қазақстан жағдайына бейімделген және цифрлық экономикада технологиялар трансферінің тиімділігін арттыруға бағытталған университеттер, мемлекет және бизнес арасындағы өзара іс-қимылдың пилоттық модельдерін әзірлеу және апробациядан өткізу.
- Шетелдік тәжірибені жинақтау, Қазақстандағы кедергілер мен мүмкіндіктерді талдау, сондай-ақ мемлекеттік органдарға, университеттер мен бизнеске өзара іс-қимыл және ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру үдерістерін оңтайландыру бойынша ұсынымдар әзірлеуді қамтитын, мемлекеттік қолдаудың ынталандыру шаралары жөніндегі ұсыныстар енгізілген аналитикалық есеп дайындау.
- Қазақстан мен шетелдік елдердегі ғылым мен бизнес өзара іс-қимылының табысты кейстерін қамтитын, оларды білім беру және қолданбалы қызметте пайдалануға мүмкіндік беретін деректер базасын қалыптастыру.
- Жаһандық цифрлық білім экономикасы жағдайында Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ұсынылған модельдерді енгізудің ұзақ мерзімді әсерлерін болжау.